

ЖШС «Нұр-Тілек балабақшасы»

«Дені саудың – жаны сау»

Спорттық сайыс

«Балбөбек» ересек топ

Өткізген: Кетебаева Ж

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Қыс қызығы»

Мақсаты: Спорттық жарыстарға деген қызығушылығын арттыру. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін нығайту. Бір-біріне деген достық қарым-қатынасты орнату. Жарыс ойындарына деген қызығушылықтарын тудыру. Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу.

Барысы: Екі топқа бөлінген балалар ортасынан топ басшысын сайлау.

1 топ «Сұңқар»

2 топ «Тұлпар»

Салауатты өмір салтын сақтаңыз,

Жаттығудан ешқашанда қашпаңыз

Балабақша балалары

Парасатты, айбынды

Болыңыз сіз сегіз қырлы, бір сырлы.

Жарысымызға әділ бағасын беретін әділ қазылармен таныстырып өтейін

1: ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасының меңгерушісі Б.Г.Жаксылыкқызы

2: ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасының психологы Д.Тұрсынай.

3: ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасының медбикесі Ж. М. Қабақбайқызы

Жүргізуші: Балалар бүгінгі жарыс 5 кезеңнен тұрады.

1 Эстафеталық ойын: «Қояндар»

2 : Хоккейшілер

3: Кім епті.

4: Аққала

5: Ұлттық ойын арқан тартыс.

1: Эстафеталық ойын: «Қояндар»

Аппак қардың үстінде 2 топтан бір-бірден екі ойыншы шығып, қоянша секіре отырып межеге жетеді. Межеде қардың астына жасырылған сәбізді ауыздарына тістеп, қайтадан қоянша секіре отырып, кейін қайтады. Келесі бала жалғастырады. Қай топ бірінші болса сол топ жеңімпаз атанады.

2: «Хоккейшілер»

Балалар хоккей таяқшаларымен допты кедергілер арасынан айналдыра өтіп, мәреге апару керек. Кері қарай жүгіре отырып тобындағы келесі балаға кезек береді.

«Кім епті»

Балалар ыдыстығы қарды қалақпен кедергілер арасынан жүгіре отырып шелекке тасу. Қай топ шелекке қарды көп жинаса сол топ жеңіске жетеді.

4: «Аққала»

Балалар шығыршықтың ішіні барлығы кіріп кедергілер арасымен жүріге отырып отыр мәреде тұрған қағаздан қиылған аққала бөліктерінен тұтас аққаланы құрастыру.

5: Ұлттық ойын: «Арқан тартыс»

Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алып кеглсе сол топ жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Ұрпақ керек ертеңгі алда

Болашақты болжайтын.

Дені таза, тәні таза,

Елін, жерін қорғайтын!

Денсаулық-басты байлық өмірдегі,

Нәр беретін асыл ғой көңілдегі.

Салауатты өмір салтын насихаттап,

Атанайық жақсы азамат өңірдегі.

Жүргізуші: Назар аудар денсаулыққа,

Өмірде бақыттысың денің сауда.

Сол мықты денсаулықтың арқасында

Жетерсің әлі талай бақыттарға деп, ортағы әділ қазы мүшелерін шақырайық. Марapatтау.

Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықтың кепілі- салауаттылық.

«Қыс қызығы» атты спорттық эстафеталық жарысымыз осымен аяқталды. Келесі кездескенше сау болыңыздар!

